

Қыздар жиналышының хаттамасы

Ерте жүктіліктің алдын алу.

Максаты : Жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу.

Форма: әңгіме, сұхбат Қатысқандар: 8-9-10-11 сынып қыздары

Күні: 08.12.2023ж Жиналышта дәріс оқығандар: 1 Мектептің медбикесі

Сарсенова Жумагул 2. Мектеп психологы – Оразбаева А

3. Қыздар үйымының жетекшісі Бекназарова М

1. Ерте жүктіліктен қалай сактануға болады? Ерте жүктілік немен қауіпті?

Сарсенова Жумагул апай сөз сөйлемді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады. Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіpte жұмыс істейді – жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме артылады. Бұның киындығы жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жасаналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, токсикоздар болады. Қыз балалардың ағзасы осындағы жүктемелерге әзір емес! Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Жиналышта қыз балалардың жеке гигиенасы, достармен және құбылырмен күнделікті қарым – катынаста жаман әдеттерден аулақ болу қағидалары туралы айтылды. 2. Ерте жүктілік деген не? Мектеп психологы Оразбаева Алма апай сөз сөйлемді.

Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады.

Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен, жоспарланбаған жүктіліктің 90% отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, қыз бала «әдейі» бәрін кері істейді. Ерте жүктіліктің қандай профилактикасы бар?

Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі – проблемадан сактану.

Психологиялық кеңестермен бөлісті.

Қыздар үйымының жетекшісі Байтасова Камшат апай

«Қызыға қырық үйден тыю» тақырыбында баяндама оқыды. Әңгіме барысында қыздар өздерінің ойларындағы сұраптарын койып, сұрап-жауап, пікір алмасуға ұласты. Қыздармен әңгіме өз деңгейінде өтіп, қыздар өздеріне қажетті мағлұматтар алды.

Шешім : Болашақта қыздармен әңгіме, жеке кеңес, жиналыштар өткізуі жағастырылсын